



Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сақтандыру қызметін реттеу және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 21 қазандағы № 83 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 28 қазанда № 35296 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 1-тармағының он үшінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің Төрағасы

М. Абылкасымова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Еңбек және

халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар және

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының

Қаржы нарығын реттеу және

дамыту Агенттігінің

Басқармасының

2024 жылғы 21 қазандағы

№ 83 Қаулыға

қосымша

Өзгерістер мен толықтыру енгізілетін Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметін реттеу және дамыту мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. "Түзету коэффициентін қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы № 92 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11651 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 17-1-бабының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Түзету коэффициентін қолдану қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Түзету коэффициентін қолдану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты (бұдан әрі – міндетті сақтандыру шарты) бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысын есептеу кезінде түзету коэффициентін қолдану тәртібін белгілейді.

Қазақстан Республикасының резидент-сақтандыру ұйымына қатысты қолданылатын Қағидалардың талаптары Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымдарының Қазақстан Республикасының аумағында ашылған филиалдарына қолданылады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Түзету коэффициенті міндетті сақтандыру шартын жасау күнінің алдындағы соңғы 3 (үш) жыл ішінде зардап шеккен қызметкерлердің орташа жылдық саны және міндетті сақтандыру шартын жасау күніне сақтанушы қызметкерлерінің тиісті жалпы саны негізінде айқындалады. Түзету коэффициенттерінің мәндері Заңның 17-1-бабының 2-тармағында белгіленген.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Зардап шеккен қызметкерлердің санын есептеу үшін қызметкерге кәсіптік еңбекке қабілеттілігін жоғалту дәрежесін 30–100 пайыз аралығында қоса алғанда белгілеуге не оның өліміне алып келген, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 190-бабының 1-тармағына сәйкес сақтанушының кінәсі бойынша орын алған, еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға туралы актімен ресімделген сақтандыру оқиғаларының саны ескеріледі.";

8, 9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Сақтандыру ұйымы түзету коэффициентін сақтандырушының сақтандыру бойынша дерекқордан сақтанушының кінәсі бойынша орын алған сақтандыру оқиғасының (сақтандыру оқиғаларының) болуы туралы ақпараты бар сақтандыру есебіне қарай қолданады.

9. Зардап шеккен қызметкерлердің орташа жылдық санын есептеу үшін міндетті сақтандыру шартын жасау күнінің алдындағы соңғы үш аяқталған қаржы жылы пайдаланылады.

10. Сақтанушы түзету коэффициенттерін міндетті сақтандыру шартын жасау күнінің алдындағы соңғы 3 (үш) жыл ішінде сақтандыру жағдайлары болмаған жағдайда, Заңның 17-1-бабының 2-1-тармағына сәйкес айқындайды."

2. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабының 10-тармағына, 48-бабының 3, 4 және 9-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндері және оларды есептеу әдістемелерінде:

12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін "сыйлықақылар әдісін" пайдалана отырып есептеу тәртібі:

1) есептеу өткен қаржы жылында сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қабылданған жиынтық сақтандыру сыйлықақыларының немесе өткен қаржы жылындағы жиынтық еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақыларының сомасын негізге алып жүзеге асырылады, олардан есептеу үшін ең жоғары шама алынады;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының "көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру" сыныбы бойынша қабылданған жиынтық сақтандыру сыйлықақыларының (жиынтық еңбек сіңірілген сыйлықақыларының) сомасы 50 (елу) пайызға ұлғаюға тиіс;

3) осы тармақтың 1), 2) тармақшаларына сәйкес есептелген жиынтық сақтандыру сыйлықақыларының (жиынтық еңбек сіңірілген сыйлықақыларының) сомасы сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы төлемінің шығыстар сомасына, сондай-ақ корпоративтік табыс салығының сомасына азаяды;

4) осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес есептелген, 3 500 000 000 (үш миллиард бес жүз миллион) теңгеден аспайтын мөлшердегі сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 18 (он сегіз) пайызға көбейтіледі, қалған асып кету сомасы 16 (он алты) пайызға көбейтіледі.

Алынған нәтижелер осы тармақтың 5) тармақшасына сәйкес есептелген түзету коэффициентіне жинақталады және түзетіледі;

5) түзету коэффициенті өткен 3 (үш) қаржы жылында есептелген жиынтық сақтандыру төлемдерінің сомасының (сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесін шегергенде) өткен 3 (үш) қаржы жылында есептелген жиынтық сақтандыру төлемдерінің сомасына қатынасы ретінде есептеледі. Егер түзету коэффициентін есептеу нәтижесінде алынған шама 0,5 (нөл бүтін оннан бестен) кем болса, онда есептеу үшін 0,5 (нөл бүтін оннан бес) алынады.

Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өткен 3 (үш) қаржы жылында сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмаса, төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін есептеу кезінде түзету коэффициенті қолданылмайды.

13. Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін "төлемдер әдісін" пайдалана отырып есептеу тәртібі:

1) есептеу үшін өткен 3 (үш) қаржы жылында есептелген жиынтық сақтандыру төлемдерінің сомасы пайдаланылады.

Заңның 6-бабы 3-тармағының 13) және 14) тармақшаларында көрсетілген, сақтандыру тәуекелдерімен ғана айналысатын сақтандыру ұйымы есептеу үшін өткен 7 (жеті) қаржы жылындағы жиынтық сақтандыру төлемдерінің сомасын пайдаланады;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы "көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру" сыныбы бойынша жүзеге асырған жиынтық сақтандыру төлемдерінің сомасы 50 (елу) пайызға ұлғаяды тиіс;

3) жиынтық сақтандыру төлемдерінің сомасы өткен қаржы жылының соңында мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резервінің сомасына ұлғаяды және мыналарға азаяды:

есепті қаржы жылының алдындағы 3 (үш) жыл үшін қаржы жылының соңында мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резервінің сомасына;

осы тармақтың 1) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген сақтандыру ұйымдары үшін – есепті қаржы жылының алдындағы 7 (жеті) жыл үшін қаржы жылының соңында мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резервінің сомасына;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін есептеу үшін мыналар пайдаланылады:

осы тармақтың 3) тармақшасының екінші абзацына сәйкес алынған соманың үштен бір бөлігі;

осы тармақтың 1) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген сақтандыру ұйымдары үшін – осы тармақтың 3) тармақшасының үшінші абзацына сәйкес алынған соманың жетіден бір бөлігі;

5) осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес есептелген, 2 500 000 000 (екі миллиард бес жүз миллион) теңгеден аспайтын мөлшердегі сақтандыру төлемдерінің сомасы 26 (жиырма алты) пайызға көбейтіледі, қалған асып кету сомасы 23 (жиырма үш) пайызға көбейтіледі.

Алынған нәтижелер Нормативтердің 12-тармағының 5) тармақшасына сәйкес есептелген түзету коэффициентіне жинақталады және түзетіледі.

Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген мерзім ішінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмаса, онда төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін есептеу "төлемдер әдісін" пайдаланбай жүзеге асырылады;

17 және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"17. "Өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы үшін төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін есептеу мыналар бойынша жеке-жеке жүзеге асырылады:

1) "өмірді сақтандыру", "мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберіндегі өмірді сақтандыру", "зейнетақы аннуитеттік сақтандыру", "аннуитеттік сақтандыру"

сыныптары бойынша, сондай-ақ "қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру" сыныбы шеңберінде жасалған аннуитеттік сақтандыру және зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша;

2) "жазатайым оқиғалардан сақтандыру", "ауырған жағдайдан сақтандыру", "туристі міндетті сақтандыру" және "қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру" сыныптары бойынша.

Сақтандыру ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін есептеу үшін Нормативтердің 18 және 23-тармақтарына сәйкес есептелген сомалар алынады.

18. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының "өмірді сақтандыру", "мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберіндегі өмірді сақтандыру", "зейнетақы аннуитеттік сақтандыру", "аннуитеттік сақтандыру" сыныптары бойынша, сондай-ақ "қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру" сыныбы шеңберінде жасалған аннуитеттік сақтандыру және зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін есептеу Нормативтердің 19 және 21-тармақтарына сәйкес есептелген мәндердің сомасына тең шаманы білдіреді.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. "Өмірді сақтандыру", "мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберіндегі өмірді сақтандыру", "аннуитеттік сақтандыру" сыныптары бойынша, сондай-ақ "қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру" сыныбы шеңберінде жасалған аннуитеттік сақтандыру және зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша қалған сақтандыру шарттары бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері өткен қаржы жылының соңындағы сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесін шегергенде қалыптастырылған сақтандыру резервтері сомасының өткен қаржы жылының соңында қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің жалпы сомасына қатынасы ретінде есептелген сақтандыру резервтері мен түзету коэффициенті сомасының 4 (төрт) пайызының көбейтіндісіне тең. Егер түзету коэффициентін есептеу нәтижесінде алынған шама 0,85-тен (нөл бүтін жүзден сексен бестен) аз болса, онда зейнетақы аннуитеті шарттарын қоспағанда, есептеу үшін 0,85 (нөл бүтін жүзден сексен бес) қабылданады.

Мына:

1) 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері өткен қаржы жылының соңында сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесін шегергенде қалыптастырылған сақтандыру резервтері сомасының өткен қаржы жылының соңында қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің жалпы сомасына қатынасы ретінде есептелген сақтандыру резервтері мен түзету коэффициенті сомасының 6 (алты)

пайызының көбейтіндісіне тең. Егер түзету коэффициентін есептеу нәтижесінде алынған шама 0,85-тен (нөл бүтін жүзден сексен бестен) аз болса, онда есептеу үшін 0,85 (нөл бүтін жүзден сексен бес) қабылданады;

2) 2023 жылғы 1 қаңтардан кейін дейін жасалған зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері өткен қаржы жылының соңында сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесін шегергенде қалыптастырылған сақтандыру резервтері сомасының өткен қаржы жылының соңында қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің жалпы сомасына қатынасы ретінде есептелген сақтандыру резервтері мен түзету коэффициенті сомасының 8 (сегіз) пайызының көбейтіндісіне тең. Егер түзету коэффициентін есептеу нәтижесінде алынған шама 0,85-тен (нөл бүтін жүзден сексен бестен) аз болса, онда есептеу үшін 0,85 (нөл бүтін жүзден сексен бес) қабылданады.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. "Жазатайым оқиғалардан сақтандыру", "ауырған жағдайдан сақтандыру", "туристі міндетті сақтандыру" және "қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру" сыныптары бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері Нормативтердің 11, 12, 13-тармақтарына сәйкес есептеледі.";

3-қосымша өзгерістер мен толықтыру енгізілетін Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметін реттеу және дамыту мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленген.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесі Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. "Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы № 13 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18290 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне олардың құрылымына қойылатын талаптарда:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Пропорция әдісі бойынша ЕСП әрбір шарт бойынша есептелген еңбек сіңірілмеген сыйлықақыларды қосу арқылы анықталады.

Пропорция әдісімен еңбек сіңірілмеген сыйлықақы әрбір шарт бойынша есепті күні сақтандырып қорғаудың аяқталмаған қолданылу мерзімінің (күндермен) сақтандырып қорғаудың қолданылуы басталған күннен бастап сақтандырып қорғаудың қолданылуының соңына дейін сақтандырып қорғаудың қолданылу мерзімі (күндермен) қатынасына шарт бойынша сақтандыру сыйлықақының көбейтіндісі ретінде айқындалады:

$$ЕСП = CC \times \left(\frac{T_1 - T_2}{T_1} \right)$$

CC – сақтандыру сыйлықақысы;

T1 – сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандырып қорғаудың қолданылуы басталған күннен бастап сақтандырып қорғаудың қолданылуының соңына дейін сақтандырып қорғау қолданылатын күндер саны (егер сақтандырып қорғаудың қолданылу күні сақтандыру шарты күшіне енген күннен ерте басталған жағдайда – сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандырып қорғаудың қолданылуының соңына дейінгі күндер саны);

T2 – сақтандырып қорғаудың қолданылуы басталған сәттен бастап есептеу күніне дейін (қоса алғанда) сақтандырып қорғаудың қолданылуы аяқталған күндер саны (егер сақтандырып қорғаудың қолданылуы басталған күн сақтандыру шарты күшіне енген күннен ерте басталған жағдайда – сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап есептеу күніне дейін (қоса алғанда) өткен сақтандырып қорғаудың қолданылу күндерінің саны).";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру сыныбы бойынша ОМШР екі бөліктен тұрады және мынандай формула бойынша айқындалады:

ОМШР = ОӘМШР + ОТМШР, мұнда:

ОӘМШР Талаптардың 11-тармағында көрсетілген актуарлық әдістермен есептеледі. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру сыныбы бойынша қызметін 3 (үш) жылдан кем жүзеге асырған не Талаптардың 11-тармағында көрсетілген әдістермен ОӘМШР есептеу үшін деректер жеткіліксіз болған жағдайда, ОӘМШР есептеу күнінің алдындағы соңғы он екі айда күшіне енген осы сынып бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары және сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарына қосымша келісімдер бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақы сомасының 5 (бес) пайызынан кем емес болады.

Актуарий зиян келтірілгенде сақтандырушының міндеттемелерін бөлген жағдайда актуарлық әдістермен ОӘМШР есептеген кезде Талаптарға 9-қосымшаға сәйкес Тізбекті баспалдақ әдісі бойынша инфляцияға түзетусіз орын алған, бірақ мәлімделмеген зияндар резервін есептеудің жинақталған шығындар кестесі Талаптарға 12-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелерін бөлудің Келтірілген шығындар негізінде жинақталған зияндар кестесіне сәйкес мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың және жинақталған шығындар үшбұрышын жасау үшін пайдаланатын зияндар басталған әр кезең аяғында жинақталған төлемдер шамасын (төленген зияндар) қосу арқылы құрылады.

Актуарий зиян келтірілгенде сақтандырушының міндеттемелерін бөлген кезде актуарлық әдістермен ОӘМШР есептеген кезде Талаптарға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тізбекті баспалдақ әдісі бойынша инфляцияға түзетумен орын алған, бірақ мәлімделмеген зияндар резервін есептеуінің Өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетумен жинақталған зиян кестесі Талаптарға 12-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелерін бөлудің Келтірілген зиян негізінде жинақталған шығындар кестесіне сәйкес мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың және жинақталған шығындар үшбұрышын жасау үшін пайдаланатын зиян басталған әр кезең аяғында жинақталған төлемдер шамасын (төленген зиян) қосу арқылы құрылады.

Актуарий зиян келтірілгенде сақтандырушының міндеттемелерін бөлген кезде актуарлық әдістермен ОӘМШР есептеу кезінде Талаптарға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Борнхюттер-Фергюсон (Bornhuetter-Ferguson) әдісімен орын алған, бірақ мәлімделмеген зияндар резервін есептеуінің жинақталған шығындар кестесі Талаптарға 12-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелерін бөлудің Келтірілген шығындар негізінде жинақталған зияндар кестесіне сәйкес мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың және жинақталған зияндар үшбұрышын жасау үшін пайдаланатын зияндар басталған әр кезең аяғында жинақталған төлемдер шамасын (төленген зиян) қосу арқылы құрылады;

ОТМШР – КЕЖЖ дәрежесін белгілеуге және Азаматтық кодекстің 940-бабына сәйкес қызметкердің қайтыс болуы салдарынан залал шеккен адамдарға зиянды өтеуге

байланысты сақтандыру төлемі жүзеге асырылған пайда алушылар бойынша есептеледі

ОТМШР сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша КЕЖЖ дәрежесін ұзартуға (қайта куәландыруға) және Азаматтық кодекстің 940-бабына сәйкес қызметкердің қайтыс болуы салдарынан залал шеккен адамдарға зиянды өтеуге байланысты күтілетін міндеттемелерді бағалау мақсатында қалыптасады.

ОТМШР КЕЖЖ дәрежесі белгіленген және ол бойынша қайта ұзарту (қайта куәландыру) күтілетін әрбір пайда алушы бойынша жеке айқындалатын КЕЖЖ дәрежесін ұзартуға (қайта куәландыруға) байланысты және Азаматтық кодекстің 940-бабына сәйкес қызметкердің қайтыс болуы салдарынан залал шеккен адамдарға залалды өтеуге байланысты болжанып отырған төлем сомасына тең.

ОТМШР есептеу Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6156 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы № 28 қаулысымен бекітілген Аннуитет шарты бойынша аннуитеттік төлемдерді есептеу ережесіне және аннуитет шарты мен сақтандырушының жасалатын аннуитет шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

Әрбір пайда алушы бойынша болжанған төлемдерді бағалау мақсатында КЕЖЖ дәрежесін белгілеу мерзімін ұзарту, 100 (жүз) пайыз төлемді жүзеге асыру ықтималдылығымен Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде белгіленген зейнетақы жасына жеткенге дейін жүзеге асырылады.

Болжанған төлемдерді бағалау мақсатында ОТМШР 100 (жүз) пайыз ықтималдылығымен Азаматтық кодекстің 940-бабына сәйкес қызметкердің қайтыс болуы салдарынан залал шеккен адамдарға зиянды өтеуге құқығы бар әрбір адам бойынша қалыптастырылады.

Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына пайда алушының КЕЖЖ дәрежесін қайта ұзартуға (қайта куәландыруға) байланысты аннуитет шартын жасасу жөніндегі өтініш аннуитет шартының қолданылу мерзімі өткеннен кейін 2 (екі) жыл ішінде түспесе және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы:

1) аннуитет шартының қолданылу мерзімі өткеннен кейін пайда алушының КЕЖЖ дәрежесін ұзарту (қайта куәландыру) туралы ақпараты болмаса, онда актуарий қажет болған жағдайда ОТМШР есебінен пайда алушы бойынша болжанатын төлемдердің келтірілген сомасын алып тастайды;

2) аннуитет шартының қолданылу мерзімі өткеннен кейін пайда алушының КЕЖЖ дәрежесін ұзарту (қайта куәландыру) туралы ақпаратқа ие болса, онда актуарий

болжанатын төлемдерді бағалауды пайда алушының кәсіби пайымын негізге ала отырып, актуарий есептеген қайта өтінішінің ықтималдығын ескере отырып жүзеге асырады.

"Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы заң) сәйкес жасалған сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерді қайта сақтандыруға қабылдаған және (немесе) берген кезде қайта сақтанушы Қазақстан Республикасының резиденті-қайта сақтандырушыға қайта сақтандыру шартында және (немесе) делдалдар арқылы жасалатын шартта сондай өлшемдерді көрсете отырып, ОТМШР есептеу кезінде қолданылатын резервтік базис өлшемдерін ұсынады.

Қазақстан Республикасының резидент-қайта сақтандырушысы ОТМШР есептеу кезінде қолданатын резервтік базис өлшемдерінің мәні Қазақстан Республикасының резиденті-қайта сақтандырушының резервтік базисі қайта сақтанушының резервтік базисіне қарағанда консервативті болып табылатын жағдайды қоспағанда, қайта сақтанушының ОТМШР есептеу кезінде қолданатын резервтік базис өлшемдерінің мәніне сай келеді.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. МРШР қайсы күн ертерек басталуына орай сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) сақтандыру оқиғасы және (немесе) сақтандыру жағдайы басталғаны туралы және (немесе) сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтінішін алған күннен бастап, қайсы күн ертерек басталуына орай сақтандыру төлемін жүзеге асыру не сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім шығару не сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) сақтандыру төлемін алудан жазбаша бас тарту, оның ішінде сақтандыру оқиғасының немесе сақтандыру жағдайының басталуы туралы өтінішті қарау күніне дейін әрбір мәлімделген, бірақ реттелмеген шығын бойынша жеке қалыптастырылады.

Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығын бойынша Талаптардың 25-тармағында белгіленген МРШР қалыптастыру үшін негіздер болмаған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) сақтандыру оқиғасы және (немесе) сақтандыру жағдайы басталғаны туралы және (немесе) сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтінішін алған күннен бастап 3 (үш) жыл өткен соң МРШР-ды есептен шығаруға құқылы.";

мынадай мазмұндағы 21-1-тармақпен толықтырылсын:

"21-1. Өмірді сақтандыру шарты шеңберінде мәлімделген, бірақ реттелмеген шығын бойынша МРШР, ол бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы осындай шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жылдан астам мерзімде және (немесе) сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) сақтандыру

оқиғасының және (немесе) сақтандыру жағдайының басталуы туралы өтінішін алған күннен бастап шешім қабылданды және (немесе) сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы, қай күннің ерте келетініне байланысты, сақтандыру төлемін жүзеге асыру күніне дейін толық көлемде қалыптастырылады.";

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Өлім-жітім, науқастық, мүгедектік кестесін тандау сақтандыру шарты бойынша сақтандыру тәуекелінің ерекшелігін ескере отырып, сақтандырылушының және (немесе) сақтанушының сипаттары негізінде жүргізіледі.

Зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша ОАШР есептеу кезінде:

2017 жылғы 1 шілдеге дейін жасалғандарға Талаптарға 13-қосымшаға сәйкес зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру төлемдерін есептеу үшін өлім-жітік көрсеткіштерден аспайтын көрсеткіштері пайдаланылады;

2017 жылғы 1 шілдеден кейін жасалғандарға "Зейнетақы аннуитетінің үлгілік шартын бекіту, Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымынан сақтандыру сыйлықақысын және сақтандыру төлемін есептеу әдістемесін, сақтандыру ұйымының жасалатын зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейін, сондай-ақ сақтандыру төлемін индекстеу мөлшерлемесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 45 қаулысымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32831 болып тіркелген Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын және сақтандыру төлемін есептеу әдістемесіне 2-қосымшада көрсетілген зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру төлемдерін есептеу үшін өлім-жітік көрсеткіштерден аспайтын көрсеткіштер пайдаланылады.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Сақтанушының инвестицияларға қатысу жағдайын көздейтін сақтандыру шартын қоспағанда, жеке өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша ОАШР мынадай шамалардың ең жоғарғы шамасына тең болады:

1) $ОАШР\ 1 = ТК_{кк} + ТМК_{кк} + ОШК_{кк} - СЖК_{кк}$,

мұнда:

$ТК_{кк}$ – сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының талаптарына көзделген сақтандыру төлемдерінің келтірілген күтілетін құны;

$ТМК_{кк}$ – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру төлемдерінің мөлшерін қараумен, реттеумен, анықтаумен тікелей байланысты шығыстардың келтірілген күтілетін құны;

$ОШК_{кк}$ – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының іс жүргізумен байланысты операциялық шығыстардың келтірілген күтілетін құны;

СЖКкк – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы есептеу күнінен кейін алуы тиіс сақтандыру жарналарының (бір жолғы төлеу кезінде – сақтандыру сыйлықақының) келтірілген күтілетін құны;

2) ОАШР 2 = ТКкк - СНЖКкк,

мұнда:

ТКкк – сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының талаптарында тек сақтандыру жағдайы басталуына ғана көзделген сақтандыру төлемдерінің келтірілген күтілетін құны (сақтандыру шартында көзделген кезеңі өткен соң жүзеге асырылатын сақтандыру төлемі есептелмегенде);

СНЖКкк – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы есептеу күнінен кейін, өзінің тек сақтандыру жағдайдың басталуына байланысты сақтандыру төлемдерін (сақтандыру шартында көзделген кезеңі өткен соң жүзеге асырылатын сақтандыру төлемі есептелмегенде) жүзеге асыру бойынша ғана міндеттемені қабылдағаны үшін алуы тиіс сақтандыру нетто-жарналарының (біржолғы төлеу кезде – нетто-сыйлықақылардың) келтірілген күтілетін құны.

"Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-1-бабы 9-тармағының 1) немесе 3) тармақшаларында көзделген сақтандыру жағдайы басталған мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберіндегі өмірді сақтандыру шарттары бойынша есептік соманы есептеу мақсаттары үшін РНУ мынадай мәннің ағымдағы құнына тең:

$$\text{ОАШР} = \text{СС} \times \left(1 - \frac{\text{СТ}_{\text{acc}}}{\text{СТ}_{\text{all}}} \right), \text{ мұнда}$$

СС – сақтандыру сомасы;

СТ_{acc} – сақтандыру шартының талаптарында көзделген есептік соманы есептеу кезінде жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерінің сомасы;

СТ_{all} – есептік соманы есептеу күніне мерзімді сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы.";

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"49. Пропорционалды қайта сақтандыру шарттары бойынша ЕСР-дегі қайта сақтандырушының үлесі әрбір сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша коэффициентінің және ЕСР-дің көбейтіндісі ретінде айқындалады.

ЕСР-дегі қайта сақтандырушының үлесі= bRE ЕСР, мұнда:

bRE коэффициенті қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысына қатысына тең.

"Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысына және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының нормативтік мәндеріне және пруденциялық нормативтерін және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді есептеу әдістемесіне, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының резерв ретінде қабылданатын активтерін қалыптастыру тәртібіне және олардың Заңның 46-бабының 12-тармағына сәйкес белгіленетін ең төмен мөлшеріне (бұдан әрі – Нормативтер) сәйкес пруденциялық нормативтерді есептеу кезінде bRE оэффицентінде қайта сақтандыру (сақтандыру) шарты бойынша цедентке, сақтандыру брокеріне не Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалына комиссиялық сыйақыны және қайта сақтандыруға берілетін тәуекелдер бойынша сақтандыруды қорғауға жатпайтын қайта сақтандырушыдан, сақтандыру делдалдарға және өзге де тұлғаларға төлемдерді қоспағанда, қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы есепке алынады.

Сақтандыру брокерінің не Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының комиссиялық сыйақы сомасына сондай-ақ сақтандыру шарты бойынша қайта сақтанушыдан сақтандыру брокері не Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалы қабылдаған сақтандыру сыйлықақысы және қайта сақтандыру шарты шеңберінде қайта сақтандырушыға берілген сақтандыру сыйлықақысы арасындағы айырмасы кіреді.

Пропорционалды емес қайта сақтандыру шарттары бойынша ЕСР-дегі қайта сақтандырушының үлесі қайта сақтандыру шартының талаптарына сәйкес есептеледі.

№ 304 қаулыға және Нормативтерге сәйкес пруденциялық нормативтерді есептеу кезінде пропорционалды емес қайта сақтандыру шарттары бойынша ЕСР-дегі қайта

сақтандырушының үлесі қайта сақтандыру шартының талаптарына сәйкес есептеледі және 0 (нөлге) тең."

4. "Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату қағидаларын, Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шартына қойылатын талаптарды және сақтандыру ұйымының жасалатын зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейін, Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы есебінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 98 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33876 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату қағидаларында:

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жұмыс беруші (сақтанушы) еңбек жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне еңбек шартының тоқтатылуы не еңбек шарты талаптарының өзгеруі туралы ақпарат енгізілгеннен кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қызметкердің пайдасына сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға өтінішпен сақтандыру ұйымына жүгінеді.

Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға өтінішті жұмыс беруші (сақтанушы) өтініштің берілген күні жұмыс берушіде (сақтанушыда) қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты қолданыста бар сақтандыру ұйымына береді.

Жұмыс берушіде қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырудың 2 (екі) және одан да көп шарты өтініш берген күні қолданыста болған жағдайда жұмыс беруші (сақтандырушы) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру туралы өтінішпен өз таңдауы бойынша бір сақтандыру ұйымына жүгінеді.

6. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға өтінішті алғаннан кейін және еңбек жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйесінен қызметкердің сақтандыру төлемін алу талаптарына сәйкестігі туралы хабарлама болған кезде сақтандыру ұйымы мен жұмыс беруші (сақтанушы) арасында қызметкердің пайдасына зейнетақы алдындағы аннуитет шарты жасалады.

Еңбек жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйесінен хабарлама қызметкердің сақтандыру төлемін алу талаптарына сәйкестігі туралы ақпараттан басқа, алушы туралы мынадай мәліметтерді қамтиды: тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), туған

күні, нөмірі, берілген күні, берілген мерзімі және жеке басын куәландыратын құжатты берген орган, жеке сәйкестендіру нөмірі, сондай-ақ резиденттік белгісі (резидент/бейрезидент), тұрғылықты жері және ұялы телефон нөмірі.";

8-тармақ алып тасталсын;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Сақтандыру төлемдері оны сақтандыру ұйымы "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) міндетті түрде сақтандыру төлемдерінің кезеңін көрсете отырып және сақтандыру төлемдерін алушылардың тізімін қоса бере отырып, аудару жолымен жүзеге асырылады.

Сақтандыру төлемдері Мемлекеттік корпорацияға ай сайын, сақтандыру төлемі жасалатын айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірілмей аударылады.

Мемлекеттік корпорация ақшаны айдың 10 (оныншы) жұмыс күніне дейін алушының шотына аударады.

Мемлекеттік корпорация айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандыру ұйымына Мемлекеттік корпорацияға түскен сақтандыру төлемдерінің артық есептелген (төленген) сомаларын аударады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Сақтандыру төлемінің ай сайынғы мөлшері республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің бір шамасын құрайды.

Сақтандыру төлемі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің өзгеруін ескере отырып жүзеге асырылады.

Бірінші ай үшін сақтандыру төлемі сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға өтініш алған күннен бастап тиісті ай аяқталғанға дейін күнтізбелік күндер санына барабар есептелген бір ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшеріне сүйене отырып айқындалады.

Сақтандыру төлемдерін алушылардың тізімін сақтандыру ұйымы бірінші айда еңбек жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйесінен әр айдың соңғы жұмыс күніндегі хабарлама негізінде қалыптастырады.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шартына қойылатын талаптарда және сақтандыру ұйымының жасалатын зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейінде:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Зейнетақы алдындағы аннуитет шарты қызметкердің дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімі болған кезде жасалады.

Сақтандыру ұйымы қызметкердің дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Дербес деректер туралы заң) көзделген тәсілдермен алуды қамтамасыз етеді.

Қызметкердің дербес деректерді жинауға және өңдеуге және (немесе) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінен қызметкердің сақтандыру төлемін алу шарттарына сәйкестігі туралы осы қаулының 1-қосымшасымен бекітілген Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату қағидаларының 6-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген мәліметтермен хабарламасы болмаған кезде, дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім алуды сақтандыру ұйымы сақтандыру бойынша бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым арқылы Дербес деректер туралы заңға сәйкес дербес деректерге қол жеткізуді бақылаудың мемлекеттік сервисі арқылы қамтамасыз етеді.

4. Зейнетақы алдындағы аннуитет шарты Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 825-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында белгіленген тәртіппен сақтандыру полисін ресімдеу арқылы сақтандыру ұйымы жұмыс берушіден (сақтанушыдан) зейнетақы алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға өтініш пен еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінен қызметкердің сақтандыру төлемін алу талаптарына сәйкестігі туралы хабарлама алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жасалады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген зейнетақы алдындағы аннуитет шартын жасасу мерзімі көрсетілген күндердің қайсысы кейінірек келетініне байланысты есептеледі.

Зейнетақы алдындағы аннуитет шарты сақтандыру ұйымы сақтандыру полисіне қол қойған күннен бастап жасалған болып есептеледі.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Зейнетақы алдындағы аннуитет шарты мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) зейнетақы алдындағы аннуитет шартының нөмірі, сериясы;

2) сақтандыру ұйымының атауы, орналасқан жері, телефоны және банктік деректемелері;

3) сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі, резиденттік белгісі (резидент/бейрезидент) және экономика секторы, тұрғылықты жері (жеке тұлғалар үшін);

4) сақтанушының атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, резиденттік белгісі (резидент/бейрезидент), экономика секторының коды, экономикалық қызмет түрі, орналасқан жері, банктік деректемелері (заңды тұлғалар үшін);

5) сақтандырылушы (пайда алушы) туралы нұсқау (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі, резиденттік белгісі (резидент/бейрезидент) және экономика секторы;

6) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган сақтандыру ұйымына берген аннуитеттік сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензияны берген күні, сериясы және нөмірі туралы мәліметтер;

- 7) сақтандыру жағдайы туралы мәліметтер;
 - 8) сақтандыру объектісін көрсету;
 - 9) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, тәртібі және төлеу мерзімі, валюта түрі;
 - 10) сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудың мөлшері, тәртібі мен мерзімдері, оның ішінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудың басталу және аяқталу күні, сақтандыру төлемдерін тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату шарттары, валюта түрі;
 - 11) тараптардың құқықтары мен міндеттері;
 - 12) зейнетақы алдындағы аннуитет шартының қолданылу аумағы;
 - 13) зейнетақы алдындағы аннуитет шартының қолданылу мерзімі;
 - 14) сақтандыру агентіне тиесілі комиссиялық сыйақының болуы немесе болмауы туралы нұсқау;
 - 15) сақтандыру ұйымының қолы (сақтандыру полисі қағаз нысанда ресімделген жағдайда);
 - 16) зейнетақы алдындағы аннуитет шартын жасасу күні.";
- Талаптарға қосымша Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

Өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін
Қазақстан Республикасының
сақтандыру қызметін реттеу
және дамыту мәселелері
бойынша нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
1-қосымша
Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымының және сақтандыру
тобының пруденциялық
нормативтерінің және сақталуға
міндетті өзге де нормалар мен
лимиттердің нормативтік
мәндеріне және оларды
есептеу әдістемелеріне
3-қосымша

Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерінің қайта сақтандыруға берілетін (берілген) сақтандыру сыйлықақыларынан ұлғаяу кестесі

Қайта сақтандыру ұйымының атауы	Қ а й т а сақтандырушының халықаралық немесе ұлттық шкала бойынша рейтингтік бағасы (төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативі)	Қолданыстағы қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандыруға берілетін (берілген) сақтандыру сыйлықақыларының сомасы, барлығы	Қолданыстағы қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандыруға берілетін (берілген) сақтандыру сыйлықақылары сомасынан пайызы	Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін ұлғайту сомасы (мың теңгемен) (3-баған x 4-баған)
1	2	3	4	5

"Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының 3 аңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (бұдан әрі – ЕАЭО туралы шарт) қатысушы елдердің қайта сақтандырушыларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының бейрезидент-қайта сақтандырушыларымен жасалған қайта сақтандыру шарттары

1-топ	"AA-" немесе жоғары		0%	
2-топ	"A+" – "A-" аралығы		0%	
3-топ	"BBB+" – "BBB-" аралығы		0,2%	
4-топ	"BB+" – "BB-" аралығы		0,75%	
5-топ	"B+" – "B-" аралығы		3,8%	
6-топ	"B-"-тен төмен немесе жоқ		22%	

Қазақстан Республикасының бейрезидент - қайта сақтандырушыларымен, "Астана" Халықаралық қаржы орталығының қайтар сақтандырушы-қатысушыларымен жасалған қайта сақтандыру шарттары

7-топ	"B" немесе "kzBB" төмен емес		0%	
8-топ	"B-", "kzBB-", "kzB+"		0,2%	
9-топ	> 1,75		0,05%	
10-топ	> 1,5		0,1%	
11-топ	> 1,25		0,2%	
12-топ	> 1,1		0,5%	
13-топ	>= 1,0		3,8%	
14-топ	< 1,0		5%	

ЕАЭО туралы шартқа қатысушы елдер - қайта сақтандырушылармен жасалған қайта сақтандыру шарттары

15-топ	"BBB+" – "BBB-" аралығы		0%	
16-топ	"BB+" – "BB-" аралығы		0,2%	
17-топ	"B+" – "B-" аралығы		0,5%	
18-топ	"B-"-тен төмен немесе жоқ		22%	
Жиынтығы:				

Әр түрлі мемлекеттерде (елдерде) тіркелген Қазақстан Республикасының резиденті емес кемінде үш сақтандыру ұйымы құрған сақтандыру (қайта сақтандыру) пулына қатысу шеңберінде жасалған қайта сақтандыру шарттары

19-топ	"BBB+" – "BBB-" аралығы		0%	
20-топ	"BB+" – "BB-" аралығы		0,2%	
21-топ	"B+" – "B-" аралығы		0,5%	

22-топ	"B"-тен төмен немесе жоқ		22%	
Жиынтығы:				
"Астана" халықаралық қаржы орталығының қатысушы-қайта сақтандырушыларымен жасалған қайта сақтандыру шарттары				
23-топ	"B" немесе "kzBB" төмен емес		0%	
24-топ	"B-", "kzBB-", "kzB +"		0,2%	
25-топ	"B-", "kzBB-", "kzB +"-тен т-мен немесе жоқ		5%	

Өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін
Қазақстан Республикасының
сақтандыру қызметін реттеу
және дамыту мәселелері
бойынша нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 304 қаулысына
5-қосымша

Сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесі

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес сақтандыру холдингтеріне мынадай халықаралық қаржы ұйымдары шығарған облигацияларды сатып алуға рұқсат етіледі:

Азия даму банкі (Asian Development Bank);

Америкааралық даму банкі (Inter-American Development Bank);

Африка даму банкі (African Development Bank);

Еуразия даму банкі (Eurasian Development Bank);

Еуропа инвестициялық банкі (European Investment Bank);

Еуропа қайта құру және даму банкі (European Bank for Reconstruction and Development);

Ислам даму банкі (Islamic Development Bank);

Халықаралық есеп айырысу банкі (Bank for International Settlements);

Халықаралық қайта құру және даму банкі (International Bank for Reconstruction and Development);

Халықаралық қаржы корпорациясы (International Finance Corporation).

Өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін

Қазақстан Республикасының
сақтандыру қызметін реттеу
және дамыту мәселелері
бойынша нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
3-қосымша
Зейнетақы алдындағы
аннуитеттік сақтандыру
шартына қойылатын талаптарға
және сақтандыру ұйымының
жасалатын зейнетақы
алдындағы аннуитеттік
сақтандыру шарттары
бойынша істі жүргізуге арналған
шығыстарының жол
берілетін деңгейіне
қосымша
Нысан

№	Өлшемдері
1	Қызметкердің ЖСН
2	Қызметкердің аты-жөні
3	Қызметкердің тегі
4	Қызметкердің әкесінің аты (бар болған жағдайда)
5	Туған күні
6	Сақтандыру ұйымының БСН (12 таңба)
7	Сақтандыру ұйымының заңды атауы
8	Сақтанушының (жұмыс берушінің) ЖСН/БСН (12 таңба)
9	Сақтанушының (жұмыс берушінің) заңды атауы
10	Зейнетақы алдындағы аннуитет шартының №
11	Зейнетақы алдындағы аннуитет шартын жасасу күні
12	Шарт түрі (1-негізгі/2-жаңартылған)
13	Зейнетақы алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемінің сомасы
14	Зейнетақы алдындағы аннуитет шарты бойынша соңғы сақтандыру төлемінің күні
15	Зейнетақы алдындағы аннуитет шарты бойынша соңғы аннуитеттік төлемнің күні
16	Зейнетақы алдындағы аннуитет шартының талаптарын өзгерту түрі (тоқтата тұру/бұзу)
17	Зейнетақы алдындағы аннуитет шартының талаптарын өзгерту күні (__. __. __ ж. тоқтатылды/ __. __. __ ж. бұзылды)
18	Зейнетақы алдындағы аннуитет шартының талаптарын өзгерген жағдайда ескерту (тоқтата тұру/бұзу)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК